**«8D02304 - Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Оралбек Алмастың «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

## РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді қурсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертацияның тақырыбы, мазмұны мен алынған нәтижелері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, оның ішінде әдебиеттану, ұлттық мәдени мұра мен рухани құндылықтарды зерттеу бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын, Жетісу ақындық дәстүрін және қолжазба мәтіндерді ғылыми айналымға енгізуге бағытталған. |
| | | 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | 1.Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.<br>2.Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген ұлттық ғылыми және зияткерлік әлеуетті нығайту, гуманитарлық ғылымдарды дамыту, ұлттық мәдени мұраны сақтау міндеттерімен мазмұндық тұрғыдан сабақтас.<br>3.Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына, соның ішінде ұлттық бірегейлікті, рухани-мәдени құндылықтарды сақтау және тіл, әдебиет, мәдениет пен өнерді зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, оның ғылыми маңыздылығы диссертацияда жеткілікті деңгейде ашылған. Диссертациялық еңбекте Жетісу өңірінің халық ақыны Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы алғаш рет арнайы зерттеу нысаны ретінде кешенді түрде қарастырылған. Ақынның қолжазба қорларында, жеке отбасылық мұрағатта сақталған және әр жылдары жарияланған шығармалары жинақталып, жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізілген.<br>Зерттеудің ғылыми маңызы Ә. Сариев шығармаларының жанрлық-тақырыптық, көркемдік-поэтикалық және текстологиялық ерекшеліктерінің тұтас қарастырылуынан көрінеді. Ақынның әдеби ортасы, Жетісу ақындық мектебімен дәстүр сабақтастығы, айтыс өнеріндегі орны және шығармаларындағы ұлттық дүниетаным ғылыми тұрғыдан сараланған.Ақынның өлеңдері мен айтыстарының қолжазба және жарияланған нұсқалары салыстырылып, олардың арасындағы мәтіндік өзгерістер мен нұсқалық ерекшеліктер анықталған.<br>Диссертацияның нәтижелері қазақ әдебиетінің тарихын, халық ақындарының шығармашылығын, аймақтық әдеби мектептерді және көркем мәтіннің текстологиялық мәселелерін зерттеуге маңызды үлес қосады. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар әдебиеттану, фольклортану және текстология салаларындағы кейінгі ғылыми ізденістерге теориялық және деректік негіз бола алады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Ізденуші зерттеу материалдарын дербес сұрыптап, қолжазба және баспа нұсқаларын салыстыру арқылы өзіндік ғылыми пайымдаулар жасаған.<br>Диссертацияда автордың мәселені талдау, ғылыми пікірлерді саралау және қорытындылау қабілеті анық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | байқалады. Жұмыс жүйелі құрылып, зерттеу нәтижелері бірізді баяндалған. Бұл диссертацияның автордың өз бетінше жүргізген ғылыми ізденісінің нәтижесі екенін көрсетеді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыстың өзектілігі нақты ғылыми мәселелер арқылы айқындалған. Әбдіғали Сариевтің шығармашылығы осы уақытқа дейін жекелеген мақалалар мен қысқаша анықтамалық мәліметтер деңгейінде ғана қарастырылып, ақынның әдеби мұрасы арнайы әрі тұтас зерттеу нысанына айналмаған. Оның әдеби ортасы, шығармаларының көркемдік жүйесі, қолжазба және баспа нұсқаларының арақатынасы кешенді түрде сараланбаған.<br>Осы ғылыми олқылықтың орнын толтыру, қолжазба қорларындағы материалдарды жүйелеу, мәтіндік айырмашылықтарды анықтау және ақынның Жетісу әдеби дәстүріндегі орнын белгілеу зерттеу тақырыбының өзектілігін танытады. Сондықтан диссертацияның өзектілігі зерттеу нысанының аз зерделенуімен және Ә. Сариев мұрасын қазіргі әдебиеттану талаптары тұрғысынан қайта қарастыру қажеттілігімен жеткілікті дәрежеде негізделген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) **айқындайды;**<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің бірінші тарауында ақынның әдеби ортасы, дәстүр сабақтастығы мен шығармашылық тұлғасы қарастырылған.<br>Екінші тарауда Ә. Сариев шығармаларының көркемдік-поэтикалық жүйесі, көркемдегіш құралдары, фольклорлық жанрлар мен ұлттық танымның көрінісі талданған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Үшінші тарауда ақын өлеңдері мен айтыстарының қолжазба және жарияланған нұсқалары салыстырылып, текстологиялық ерекшеліктері сараланған. Диссертацияның тараулары мен бөлімдері тақырыпта белгіленген негізгі мәселелерді жүйелі түрде қамтып, оның мазмұнын толық айқындайды. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**1) сәйкес келеді;**<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Зерттеудің мақсаты – Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасын кешенді қарастырып, оның жанрлық, көркемдік және текстологиялық ерекшеліктерін анықтау, ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін ақын шығармашылығына қатысты еңбектерді жүйелеу, шығармаларының тақырыптық-жанрлық құрылымы мен көркемдік-поэтикалық сипатын саралау, айтыскерлік шеберлігін бағалау, қолжазба және жарияланған мәтіндерге салыстырмалы талдау жүргізу міндеттері белгіленген. Мақсат пен міндеттер өзара сабақтасып, диссертация тақырыбында қамтылған негізгі зерттеу бағыттарын толық жүзеге асыруға бағдарланған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>1) **толық байланысқан;**<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйеленген. Алғашқы тарауда Әбдіғали Сариевтің қалыптасқан әдеби ортасы мен шығармашылық тұлғасы зерделеніп, кейінгі тараулардағы көркемдік және текстологиялық талдауларға негіз қаланған.<br>Екінші тарауда ақын шығармаларының көркемдік-поэтикалық жүйесі қарастырылса, үшінші тарауда қолжазба және жарияланған нұсқаларға салыстырмалы талдау жасалған. Тарауларда алынған нәтижелер қорытынды бөлімде жинақталып, қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдармен сабақтастырылған. Осыған байланысты жұмыстың барлық бөлімдері біртұтас зерттеу жүйесін құрайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Диссертацияда Әбдіғали Сариевтің шығармашылығы туралы бұрын айтылған ғылыми пікірлер сараланып, олардың зерттеу тақырыбына қатысты тұстары авторлық ұстаным негізінде бағаланған. Ізденуші қолжазба қорларындағы мәтіндерді жарияланған нұсқалармен салыстыру арқылы сөздердің өзгеруі, түсіп қалуы немесе қосылуы, тармақтар мен шумақтардың орналасуындағы айырмашылықтарды анықтаған. Мәтіндік нұсқалар арасындағы ерекшеліктер нақты мысалдар арқылы көрсетіліп, олардың пайда болу себептеріне қатысты тұжырымдар ұсынылған. Ақын шығармаларының жанрлық, көркемдік және дәстүрлік сипаттары бұрынғы зерттеулермен салыстырыла талданған. Осыған орай жұмыста ұсынылған ғылыми пайымдаулар жеткілікті дәрежеде дәлелденіп, сыни талдау жасалған деп бағалауға болады. |
| | | **1) сыни талдау бар;** | |
| | | 2) талдау ішінара жүргізілген; | |
| | | 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; | |
| | | 4) талдау жоқ. | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? | Диссертацияда Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы алғаш рет кешенді ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырылған. Ақынның шығармашылық тұлғасы, әдеби ортасы, жанрлық жүйесі, көркемдік-поэтикалық ерекшеліктері мен Жетісу ақындық мектебіндегі орны жаңаша пайымдалған. Қолжазба, отбасылық мұрағат және жарияланымдардағы мәтіндер өзара салыстырылып, олардың нұсқалық және текстологиялық сипаттары анықталған. Алынған нәтижелер негізінде ұсынылған ғылыми ережелер жаңалығымен ерекшеленеді. |
| | | **1) толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Зерттеу қорытындылары автор жүргізген әдеби-теориялық және текстологиялық талдаулардан туындаған. Ә.Сариев шығармаларындағы ауызша және жазба дәстүр сабақтастығы, фольклорлық жанрлар жүйесі, ұлттық дүниетаным және айтыскерлік шеберлік туралы жаңа тұжырымдар жасалған. Қолжазба мен жарияланған |
| | | **1) толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мәтіндер арасындағы сөздік, стильдік, көлемдік, композициялық және мағыналық айырмашылықтар анықталып, ақын мұрасының мәтіндік тарихына қатысты тың қорытындылар ұсынылған. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Диссертациялық жұмыс әдебиеттану бағытындағы гуманитарлық зерттеу болғандықтан, онда техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін ұсыну көзделмеген. Сондықтан бұл өлшем аталған диссертациялық жұмысқа қолданылмайды. |
| | | 1) **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертацияның негізгі қорытындылары Орталық ғылыми кітапхана, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қорлары мен ақынның отбасылық мұрағатынан алынған қолжазбаларға, сондай-ақ әр жылдары жарық көрген жарияланымдарға сүйеніп жасалған. Автор архивтік деректерді жинақтап қана қоймай, оларды тарихи-салыстырмалы және текстологиялық әдістер арқылы талдаған.<br>Ә. Сариевтің өлеңдері, айтыстары мен көлемді туындыларының әртүрлі нұсқалары нақты мәтіндік мысалдар негізінде салыстырылған. Соның нәтижесінде шығармалардағы сөздік, стильдік, құрылымдық және мағыналық өзгерістер анықталған. Ақынның әдеби ортасы, көркемдік ерекшелігі және дәстүр сабақтастығы жөніндегі тұжырымдар да ғылыми еңбектермен және нақты шығармашылық материалдармен дәйектелген. Диссертацияда ұсынылған негізгі қорытындылардың ғылыми негізі жеткілікті деп бағаланады. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: | |
| | | 7.1 Ереже дәлелденді ме? | |
| | | **1) дәлелденді;** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>**2) жоқ;**<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>**3) кең**<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | Диссертациялық жұмыста қорғауға 7 тұжырым ұсынылған.<br>1-ереже.<br>Әбдіғали Сариев – Жетісу өңірінің халық ақындық дәстүрінде өзіндік шығармашылық қолтаңбасы қалыптасқан көрнекті ақын.<br>7.1 Дәлелденген. Ақынның өмір сүрген әдеби ортасы, шығармашылық жолы, Жетісу ақындарымен дәстүр сабақтастығы және жеке шығармашылық ерекшеліктері нақты деректер мен шығармалары негізінде талданған.<br>7.2 Тривиалды емес. Ә. Сариевтің Жетісу ақындық мектебіндегі орны бұрын арнайы әрі кешенді түрде анықталмаған.<br>7.3 Жаңа. Ақынның шығармашылық тұлғасы мен әдебитарихи орны жаңа ғылыми пайымдаулар негізінде бағаланған.<br>7.4 Қолдану деңгейі – кең. Нәтижені қазақ әдебиетінің тарихын, халық ақындары шығармашылығын және Жетісу әдеби ортасын зерттеуде қолдануға болады.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Ереженің негізгі нәтижелері «Халық ақыны Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы» атты мақалада жарияланған.<br>2-ереже. Ақын шығармашылығы жанрлық және тақырыптық тұрғыдан халық поэзиясының бай дәстүрін жалғастыра отырып, қоғамдық-әлеуметтік мазмұнмен толыққан.<br>7.1 Дәлелденген. Ә. Сариев шығармалары тақырыптық және жанрлық тұрғыдан жіктеліп, тарихи, әлеуметтік, еңбек, адамгершілік және елдік мәселелердің көркемдік көрінісі нақты мәтіндер арқылы көрсетілген.<br>7.2 Тривиалды емес. Ақын шығармаларының жанрлық-тақырыптық жүйесі бұрын толық ғылыми жіктеуден |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | өтпеген.<br>7.3 Жаңа. Ә. Сариев мұрасының жанрлық құрамы мен қоғамдық-әлеуметтік мазмұны алғаш рет жүйеленген.<br>7.4 Қолдану деңгейі – кең. Нәтижелер халық поэзиясының жанрлық дамуын және XX ғасырдағы әдеби үдерісті зерттеуге жарамды.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Бұл ереже «Әбдіғали Сариев шығармашылығының тақырыптық, жанрлық ерекшеліктері» атты мақалада көрініс тапқан.<br>3-ереже. Ә. Сариев өлеңдерінің көркемдік құрылымы, бейнелеу құралдары және тілдік өрнегі өзіндік эстетикалық ерекшелігімен дараланады.<br>7.1 Дәлелденген. Ақын шығармаларындағы теңеу, эпитет, метафора, қайталау, арнау, риторикалық сұрау және басқа көркемдік тәсілдер мәтіндік мысалдармен талданған.<br>7.2 Тривиалды емес. Ә. Сариев поэзиясының көркемдік-поэтикалық жүйесі осыған дейін арнайы зерттеу нысаны болмаған.<br>7.3 Жаңа. Ақынның тілдік қолданысы мен көркемдік шеберлігіне қатысты жаңа тұжырымдар ұсынылған.<br>7.4 Қолдану деңгейі – кең. Нәтижелер поэтика, көркем мәтінді талдау және халық ақындарының шығармашылық ерекшеліктерін зерттеу салаларында қолданылады.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Ережеге қатысты негізгі нәтижелер Ә. Сариевтің әдеби мұрасы мен шығармашылық ерекшеліктеріне арналған мақалаларда жарияланған.<br>4-ереже. Ақынның айтыстары суырыпсалмалық өнердің көркемдік талаптарын сақтай отырып, Жетісу айтыс мектебінің дәстүрлі сипатын дамытуға үлес қосқан.<br>7.1 Дәлелденген. Ақын айтыстарындағы суырыпсалмалық, тапқырлық, қарымта жауап, әлеуметтік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сын және көркемдік тәсілдер нақты айтыс мәтіндері бойынша сараланған.<br>7.2 Тривиалды емес. Ә. Сариевтің айтыскерлік қыры мен айтыс дәстүрін дамытудағы қызметі бұрын толық бағаланбаған.<br>7.3 Жаңа. Ақынның XX ғасырдағы айтыс өнеріндегі орнына қатысты жаңа ғылыми тұжырым жасалған.<br>7.4 Қолдану деңгейі – орташа. Нәтижелер қазақ айтысының тарихы мен аймақтық айтыс мектептерін зерттеуде қолданылады.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Бұл ереже «Халық ақыны Әбдіғали Сариевтің айтыстағы өзіндік қыры», «Kazak halkinin aytis sanati» және «Қазақ, түрік халқындағы айтыс жанрының ерекшеліктері» мақалаларында негізделген.<br>5-ереже. Ә. Сариев мұрасы Жетісу ақындық ортасының көрнекті өкілдерімен идеялық-көркемдік және дәстүрлік сабақтастықта қалыптасқан.<br>7.1 Дәлелденген. Ақын шығармашылығы Сүйінбай, Жамбыл және Жетісу ақындық мектебінің өзге өкілдерінің мұрасымен салыстырылып, ортақ дәстүрлік белгілері айқындалған.<br>7.2 Тривиалды емес. Ә. Сариевтің Жетісу ақындық ортасымен байланысы жеке ғылыми мәселе ретінде арнайы қарастырылмаған.<br>7.3 Жаңа. Ақын мұрасының дәстүрлік арналары мен Жетісу әдеби ортасындағы орны жаңаша анықталған.<br>7.4 Қолдану деңгейі – кең. Тұжырымды әдеби дәстүр, шығармашылық орта және аймақтық әдеби мектептерді зерттеуде пайдалануға болады.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Ереженің негізгі мазмұны «Халық ақыны Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы» және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ақын шығармашылығының ерекшеліктеріне арналған мақалаларда қамтылған.<br>6-ереже. Ақын шығармаларының қолжазба және жарияланған нұсқалары арасында мәтіндік өзгерістер мен варианттық ерекшеліктер кездеседі, бұл олардың күрделі текстологиялық құрылымын дәлелдейді.<br>7.1 Дәлелденген. Қолжазба, алғашқы жарияланым және кейінгі басылым нұсқалары салыстырылып, сөздердің ауысуы, тармақтардың қысқаруы, шумақтардың өзгеруі мен мағыналық айырмашылықтар нақты мысалдар арқылы көрсетілген.<br>7.2 Тривиалды емес. Ә. Сариев шығармаларының нұсқалық және текстологиялық сипаты бұрын арнайы зерттелмеген.<br>7.3 Жаңа. Ақын шығармаларының мәтіндік тарихына қатысты тың деректер мен жаңа текстологиялық қорытындылар ұсынылған.<br>7.4 Қолдану деңгейі – орташа. Нәтижелер текстологиялық зерттеулерде және ақын шығармаларының ғылыми негізделген басылымын әзірлеуде қолданылуы мүмкін.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Ережеге қатысты жекелеген нәтижелер ақынның әдеби мұрасына арналған жарияланымдарда берілген, ал толық текстологиялық талдау диссертацияда жүзеге асырылған.<br>7-ереже. Ә.Сариев шығармаларында ұлттық дүниетаным, тарихи жады және халықтық рухани құндылықтар тұтас көркемдік жүйе ретінде көрініс тапқан.<br>7.1 Дәлелденген. Ақын шығармаларындағы елдік, бірлік, еңбек, ар-намыс, әділет, адамгершілік және тарихи сана ұғымдары көркем мәтіндер негізінде талданған.<br>7.2 Тривиалды емес. Ұлттық дүниетанымның Ә.Сариев поэзиясындағы көркемдік қызметі бұрын жүйелі түрде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қарастырылмаған.<br>7.3 Жаңа. Ақын мұрасындағы ұлттық құндылықтардың тұтас көркемдік жүйе құрайтыны туралы жаңа тұжырым ұсынылған.<br>7.4 Қолдану деңгейі – кең. Нәтижелер әдебиеттану, фольклортану, мәдениеттану және ұлттық рухани мұраны зерттеу салаларында пайдаланылуы мүмкін.<br>7.5 Мақалада дәлелденген. Ереженің негізгі мазмұны ақынның әдеби мұрасы мен шығармаларының тақырыптық-жанрлық ерекшеліктеріне арналған мақалаларда қамтылған. |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Диссертацияда зерттеу нысаны мен қойылған міндеттерге сәйкес тарихи-салыстырмалы және текстологиялық талдау әдістері таңдалған. Сонымен қатар материалдарды жүйелеу, талдау, салыстыру және жинақтау тәсілдері қолданылған.Тарихи-салыстырмалы әдіс Ә.Сариев шығармашылығының әдеби орта және дәстүр сабақтастығындағы орнын анықтауға мүмкіндік берген.<br>Текстологиялық әдіс ақын шығармаларының қолжазба және жарияланған нұсқаларын салыстырып, мәтіндік өзгерістер мен вариантық ерекшеліктерді саралауға пайдаланылған. Таңдалған әдістер зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға және ғылыми қорытындылар жасауға толық сәйкес келеді. |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | **1) ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен компьютерлік технологияларды қолдану негізінде алынған. Зерттеу барысында электрондық ғылыми қорлар мен дерекқорлар пайдаланылып, қолжазба және жарияланған мәтіндерді жинақтау, жүйелеу, электрондық форматта салыстыру және интерпретациялау жұмыстары жүргізілген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) ия;** | Компьютерлік технологиялар мәтіндік материалдарды өңдеуге, нұсқалар арасындағы айырмашылықтарды анықтауға және зерттеу нәтижелерін бірізді ұсынуға мүмкіндік берген. Алынған нәтижелер тарихи-салыстырмалы және текстологиялық талдау әдістерімен ғылыми тұрғыдан сараланған. |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар нақты әдеби және мәтіндік материалдарды зерттеу арқылы дәлелденіп, расталған. Ә. Сариев шығармаларының қолжазба және жарияланған нұсқалары салыстырылып, олардың арасындағы мәтіндік, стильдік, композициялық және мағыналық айырмашылықтар нақты мысалдар негізінде көрсетілген.<br>Зерттеу әдебиеттану бағытына жататындықтан, педагогикалық эксперимент жүргізу талап етілмейді; қорытындылардың дәйектілігі тарихи-салыстырмалы және текстологиялық талдау нәтижелерімен қамтамасыз етілген. |
| | | **1) ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертациядағы негізгі ғылыми пікірлер мен тұжырымдар қазақ әдебиеттануы, фольклортану, поэтика және текстология салаларындағы беделді ғалымдардың еңбектеріне жасалған сілтемелермен дәйектелген.<br>Сондай-ақ архивтік қолжазбалар, ғылыми басылымдар мен ақын шығармаларының әр жылдардағы жарияланымдары бастапқы дереккөз ретінде пайдаланылған. Сілтемелер зерттеу мазмұнына сәйкес беріліп, авторлық тұжырымдарды ғылыми тұрғыдан негіздеуге қызмет етеді. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының негізгі бағыттарын қамтиды. Тізімге қазақ әдебиетінің тарихы, халық ақындары, Жетісу ақындық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мектебі, айтыс, фольклор, көркемдік поэтика және текстология мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер енгізілген. Сонымен бірге қолжазба қорларының материалдары мен Ә. Сариев шығармаларының жарияланымдары пайдаланылған. Жалпы саны 117 дереккөзден тұратын әдебиеттер тізімі зерттеудің теориялық және деректік негізін қамтамасыз етуге жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: | Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінің тарихын, халық ақындарының шығармашылығын, аймақтық әдеби мектептерді және көркем мәтіннің текстологиялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеуге үлес қосады. Ә. Сариев мұрасын ауызша және жазба әдебиет сабақтастығы аясында қарастыру арқылы әдебиеттану, фольклортану және текстология салаларына қатысты теориялық тұжырымдар жасалған. |
| | | **1) бар;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиеттану, фольклортану, текстология және айтыс өнері бойынша пәндерді оқытуда пайдалануға болады. Сонымен қатар арнайы курстар, оқу құралдары мен антологиялар әзірлеуде, халық ақындарының әдеби мұрасын зерттеуде және Ә.Сариев шығармаларының ғылыми негізделген басылымын дайындауда қолдануға мүмкіндік бар. |
| | | **1) ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? | Практикалық ұсыныстар зерттеу барысында алғаш рет жүйеленген қолжазба және жарияланған мәтіндердің салыстырмалы нәтижелеріне негізделген. Ә.Сариев шығармаларын жариялау кезінде әр мәтіннің дереккөзін көрсету, нұсқаларды өзара салыстыру, енгізілген өзгерістерге ғылыми түсініктеме беру және ақын мұрасының академиялық басылымын әзірлеу жөніндегі |
| | | **1) толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ұсыныстар жаңалығымен әрі практикалық маңызымен ерекшеленеді. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертация ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазылған. Зерттеу материалы жүйелі баяндалып, ғылыми ұғымдар мен әдебиеттанулық терминдер орынды қолданылған. Тараулар мен бөлімдердің құрылымы сақталып, кестелер, дәйексөздер, сілтемелер және пайдаланылған әдебиеттер белгіленген талаптарға сай рәсімделген. Автордың ой қорытуы мен тұжырымдары түсінікті әрі бірізді берілген. Жұмыстың жазылуы мен ресімделу сапасы докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | Диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын мойындай отырып, мынадай ұсыныстарды атап өтуге болады:<br>1. Зерттеудің ғылыми жаңалығы жалпы сипатта берілген. Ә. Сариев мұрасын зерттеу нәтижесінде алғаш рет анықталған нақты мәтіндер, бұрын жарияланбаған қолжазбалар, қалпына келтірілген тармақтар мен маңызды нұсқалық айырмашылықтар жеке тармақтарға бөлініп көрсетілсе, жұмыстың ғылыми жаңалығы айқынырақ ашылар еді.<br>2. Қорытынды бөлімде диссертацияның жекелеген тарауларында жүргізілген талдаулардың мазмұны ішінара қайталанып беріледі. Қорытындыны ықшамдап, зерттеу міндеттеріне сәйкес алынған нақты нәтижелер мен қорғауға | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ұсынылған тұжырымдар негізінде жүйелеу оның ғылыми салмағын арттыра түсер еді.<br>3. Диссертация мәтінінде редакциялық-техникалық сипаттағы кемшіліктер кездеседі. Кіріспеде «Зерттеу жұмысының құрылымы» туралы мәлімет қайталанып берілген.<br>Аталған ұсыныстар негізінен жұмысты нақтылау мен редакциялық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған және диссертацияның жалпы ғылыми құндылығы мен алынған нәтижелердің маңызын төмендетпейді. | |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша 6 ғылыми мақаласы жарияланған:<br>Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін ғылыми журналда – 1 мақала;<br>ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5 мақала.<br>Жарияланған мақалалар саны мен ғылыми деңгейі диссертациялық зерттеуге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Мақалаларда зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдары жеткілікті дәрежеде қамтылған. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Оралбек Алмастың «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Әбдіғали Сариевтің әдеби мұрасы: шығармашылығы, ақындық ортасы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбындағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | диссертациялық жұмысын өзіндік ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы бар, аяқталған ғылыми зерттеу деп оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін. |

**Ресми рецензент:**

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры м.а.**

**филология ғылымдарының кандидаты** **М.Т.Джакыпбекова**

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы
РАСТАЙМЫН

КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ